



MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY
Жоғары құқық мектебінің докторантура білім беру
бағдарламасы бойынша
білім алушыларға арналған

НҰСҚАУЛЫҚ

2024

Осы Нұсқаулық MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY Жоғары құқық мектебінің докторантура білім беру бағдарламалары шеңберінде оқытудың және докторлық диссертацияны дайындаудың жалпы талаптарын қамтиды.

Академиялық және зерттеу кеңесінің шешімі негізінде бекітілген (2024 жылғы 4 наурыздағы № 164 хаттамасы).

MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY Жоғары құқық мектебінің Ғылым комитеті 2025 жылғы 24 ақпандағы № 11 хаттамамен ұсынған.

PhD, **Adjunct Assistant** Professor, Жоғары құқық мектебі Ғылым комитетінің төрағасы Абылайұлы А. мен LLM, Teaching Professor Бабаджанян Е.Л. тарапынан әзірленген.

Осы құжат MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY Басқарма Төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта өндіруге, көбейтуге және таратуға жатпайды.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	4
I-БӨЛІМ.	ДОКТОРАНТУРАДА ОҚЫТУ	
1-тарау.	Зерттеу тақырыбын және ғылыми консультанттарды бекіту тәртібі	5
2-тарау.	Теориялық оқыту	5
3-тарау.	Ғылыми тағылымдама	6
4-тарау.	Докторанттардың педагогикалық практикасы	7
5-тарау.	Докторанттардың зерттеу практикасы	8
II-БӨЛІМ.	ДОКТОРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ	
6-тарау.	ДФЗЖ және ғылыми консультанттың міндеттері	9
7-тарау.	Research Proposal	11
8-тарау.	Draft Research I	12
9-тарау.	Draft Research II	13
10-тарау.	Peer-review	13
11-тарау.	Диссертацияны қорғауға жіберу (алдын ала қорғау)	13
III-БӨЛІМ.	ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PhD) ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІН АЛУ АРНАЛҒАН ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ	
12-тарау.	Қолданылу саласы	15
13-тарау.	Жалпы ережелер	15
14-тарау.	Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияның көлемі	16
15-тарау.	Диссертацияның құрылымы	16
16-тарау.	Диссертацияның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар	16
17-тарау.	Диссертацияны рәсімдеу қағидалары	19
18-тарау.	Диссертациялық жұмыста жасанды интеллектті пайдалану қағидалары	25
	1-қосымша.	26
	2-қосымша.	27
	3-қосымша.	28
	4-қосымша.	29
	5-қосымша.	30

Кіріспе

MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY Жоғары құқық мектебінің PhD бағдарламалары зерттеушінің жоғары деңгейдегі кәсіби білімін, аналитикалық және сыни ойлау қабілетін, жоғары білікті зерттеу құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ халықаралық контексте тиімді ынтымақтастық орнату мүмкіндігін қалыптастыруға бағытталған.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін PhD бағдарламасы ең алдымен зерттеу арқылы оқыту қағидатына негізделеді. Осыған байланысты докторанттардың докторлық диссертациялары шеңберінде жүргізетін зерттеулері PhD бағдарламасы барысында қалыптасқан кәсіби білімді, зерттеу дағдыларын және ғылыми көзқарасты көрсету құралы болып табылады.

Күтілетін құзыреттер:

- ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында туындайтын міндеттерді тұжырымдау және шешу;
- нақты зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қажетті зерттеу әдістерін таңдау;
- алынған нәтижелерді өңдеу, талдау және оларды аяқталған ғылыми-зерттеу өзірлемелері (ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша есеп, баяндамалар тезистері, ғылыми мақала, research proposal, ғылыми баяндама, докторлық диссертация) түрінде ұсыну;
- ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану;
- зерттеуді зерттеу этикасы мен академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес жүргізу.

Докторантура білім беру бағдарламасы бойынша оқыту төмендегілерді қамтиды:

Теориялық оқыту (практикалар мен тағылымдамаларды қоса алғанда)	45 ECTS
Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДФЗЖ)	123 ECTS
Диссертация жазу	12 ECTS
<i>Жалпы көлемі:</i>	<i>180 ECTS</i>

I-БӨЛІМ. ДОКТОРАНТУРАДА ОҚЫТУ

1-тарау. Зерттеу тақырыбын және ғылыми консультанттарды бекіту тәртібі

Диссертация MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY профессорлық-оқытушылық құрамынан тағайындалатын отандық ғылыми консультанттың, сондай-ақ ғылыми дәрежелері (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор) немесе академиялық дәрежелері (философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор) бар және докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша маман болып табылатын шетелдік ғылыми консультанттың ғылыми жетекшілігімен орындалады.

Докторантты ғылыми консультантқа бекіту және зерттеу тақырыбын таңдау рәсімдерін Жоғары құқық мектебінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша менеджері өкімшілендіреді. Оқу жылының бірінші аптасында тьютор-менеджер докторанттардың корпоративтік электрондық пошталарына ЖҚМ ғылыми мектептері және ғылыми консультанттардың профильдері туралы ақпаратты жолдайды. Ғылыми консультант ретінде ЖҚМ Ғылым комитеті немесе Деканның өкімімен қалаусыз ғылыми жетекшілер мен консультанттар тізіміне енгізілген тұлға, сондай-ақ диссертация орындалатын тілді меңгермейтін тұлға тағайындалмайды.

Зерттеу тақырыбын докторант ғылыми консультантпен бірлесіп айқындайды. Тақырып белгілі бір ғылыми мектептің зерттеулері мен нақты міндеттерімен байланысты болуы және ғылыми консультанттың бейініне (ғылыми қызығушылықтарына) сәйкес келуі тиіс. Зерттеу ұйымдардың немесе өзге де мүдделі тұлғалардың тапсырысы бойынша да жүзеге асырылуы мүмкін; мұндай жағдайда тақырып олардың қатысуымен қалыптастырылады. Тақырыпты қалыптастыру кезінде зерттеу нәтижелерінің ғылыми мектептер жобалары шеңберінде немесе практикада қолданылмалылығы ескерілуі қажет.

Тьютор-менеджер диссертация тақырыптарын, отандық және шетелдік ғылыми консультанттарды бекіту туралы ұсынысты қалыптастырып, ЖҚМ Ғылым комитетінің және Университеттің Академиялық және зерттеу кеңесінің қарауына ұсынады. Диссертация тақырыптарын, ғылыми консультанттарды және шетелдік ғылыми консультанттарды бекіту туралы бұйрық ағымдағы жылдың 30 қарашасына дейін шығарылады.

2-тарау. Теориялық оқыту

Докторанттар төмендегі курстар бойынша теориялық (аудиториялық) оқытудан өтеді:

- Ғылыми зерттеу әдістері: сапалық зерттеу әдістері;
- Ғылыми зерттеу әдістері: сандық зерттеу әдістері;
- Академиялық жазылым және ғылыми жарияланымдар¹;
- Құқықтық зерттеулерге арналған тереңдетілген ағылшын тілі.

3-тарау. Ғылыми тағылымдама

¹ «Академиялық жазылым және ғылыми жарияланымдар» курсы шеңберінде докторанттар ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялауға байланысты жұмыс ерекшеліктерін зерделейді, атап айтқанда: ғылыми жарияланым тақырыбын таңдау және тұжырымдау мәселелерін; ғылыми мақаланың мазмұны мен құрылымын әзірлеуді; мақалалар дайындау барысында қолданылатын арнайы ғылыми зерттеу әдістерін; баспаны таңдау (оның ішінде нөлден жоғары импакт-факторы бар журналдармен жұмыс істеу); баспамен коммуникация жүргізу; ғылыми жарияланымды рәсімдеу, дәйексөз келтіру (сілтеме беру) және диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми қорытындыларды жарияланымдарда сәтті апробациялау үшін қажетті өзге де аспектілерді.

Докторант тағылымдамадан өту орны мен мерзімдерін ғылыми жетекшімен және ЖҚМ-мен бірлесіп айқындайды. Тағылымдаманың ұзақтығы кемінде 30 күнтізбелік күнді құрайды. Тағылымдама бағдарламасының мазмұны докторанттың зерттеу бейініне сәйкес келуі тиіс. Докторанттың тағылымдама бағдарламасы ЖҚМ Ғылым комитетімен бекітіледі. Докторанттың тағылымдамасы зерттеу тақырыбы бойынша алдын ала зерттеу нәтижелері және (немесе) жарияланымдары бар тұлғалардың жетекшілігімен жүзеге асырылады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми базасын жетілдіру, шетелдік мамандардан консультация алу және әлемнің жетекші кітапханаларында жұмыс істеу мақсатында докторанттар үшін ғылыми-зерттеу жұмысы шеңберінде оқу кезеңі ішінде бір рет, ұзақтығы кемінде 30 күнтізбелік күн болатын шетелдік білім беру және ғылыми ұйымдарда тағылымдама ұйымдастырылуы мүмкін.

Тағылымдаманы құжаттамалық сүйемелдеу (іссапарға жіберу туралы бұйрықтар, шығындар сметасы) Жоғары құқық мектебі тарапынан жүзеге асырылады. ЖҚМ Ғылым комитеті докторанттардың шетелдік тағылымдамадан өтуге берген өтініштерін қарайды және мұндай тағылымдаманың табыстылығын бағалау үшін міндетті табыстылық критерийлерін белгілейді.

Тағылымдама кезеңінде докторант:

- қабылдаушы ұйымның жарғысын, ішкі тәртіп қағидаларын, тағылымдама процесін және серіктес жоғары оқу орнында болуды реттейтін өзге де нормативтік құжаттардың талаптарын сақтайды;
- кітапханаларға барады, серіктес жоғары оқу орнының электрондық ресурстарымен танысады;
- тиісті мамандықтар бойынша жетекші ғалымдардың дәрістеріне қатысады;
- тағылымдама бағдарламасында көзделген барлық тапсырмаларды орындайды;
- зерттелетін проблема бойынша практикалық және теориялық материалдарды жинайды;
- орындалған жұмыстардың есебін жүргізеді.

Тағылымдама аяқталғаннан кейін докторант Жоғары құқық мектебінің Ғылым комитетінің отырысында тағылымдамадан өту нәтижелері туралы жазбаша есеп ұсынады. Комитет мүшелері есепті бекіту, пысықтауға жіберу немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ тағылымдама нәтижелерін диссертацияны жазу барысында пайдалану жөнінде ұсынымдар береді. Комитет докторанттың тағылымдама барысында қойылған мақсаттарға қол жеткізбегені туралы шешім қабылдаса, Комитет докторантқа тағылымдамаға жұмсалған қаражатты қайтаруды ұсынуы мүмкін.

Ғылыми тағылымдамаларды қаржыландыру тәртібі

Шетелдегі ғылыми тағылымдамаларды қаржыландыру **мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде** білім алатын докторанттар үшін **жүзеге асырылады**.

Ғылыми тағылымдамаға байланысты шығыстарды қаржыландыру Университеттің тиісті оқу жылына бекітілген бюджетіне сәйкес жүргізіледі.

Ғылым комитеті шетелдік тағылымдамадан өтуге келісім бергеннен кейін докторанттың ғылыми тағылымдамасына арналған шығындар сметасының жобасы жасалып, Университеттің мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен келісілдіріледі.

Ғылыми тағылымдаманы қаржыландыру сомасына ұшу/жол жүру, тұру, медициналық сақтандыру, виза алымдары бойынша шығыстар кіреді.

Қаржыландыру көлемі жыл сайын докторанттың ғылыми тағылымдамасына арналған

шығыс нормаларына сәйкес белгіленеді және оларды Басқарма Төрағасы бекітеді.

Белгіленген нормалардан асып кеткен шығыстар докторанттың жеке қаражаты есебінен өтеледі.

Тағылымдамадан оралғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде докторант бухгалтерияға барлық шығындарды растайтын құжаттар қоса берілген аванс есебін тапсыруға міндетті.

Растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, расталмаған/пайдаланылмаған шығындар сомасы Университеттің есеп айырысу шотына қайтаруға жатады.

4-тарау. Докторанттардың педагогикалық практикасы

Докторанттардың педагогикалық практикасы 10 апта (45 сағат) көлемінде өтеді, оның ішінде 40 сағат – пассивті, 5 сағат – белсенді. Әрбір докторантқа практиканың жетекшісі тағайындалады, ол докторанттың жұмысын бақылап, бағыттап отырады. Пассивті сағаттарға докторанттың Жоғары құқық мектебі оқытушыларының сабақтарына қатысуы, педагогикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған практика жетекшісінің тапсырмаларын орындауы, сондай-ақ оқу-әдістемелік құжаттаманы зерделеуі кіреді.

ЖҚМ оқытушыларының сабақтарына қатысу докторант тарапынан педагогикалық практиканың ресми басталуына дейін жүзеге асырылуы мүмкін. Докторант тек өзінің практика жетекшісінің ғана емес, сондай-ақ аудиториялық жұмысты ұйымдастырудың және оқытудың барынша көп әдістерін зерттеу мақсатында өзге де оқытушылардың сабақтарына қатысады. Аталған сағаттар докторанттың журналында тіркеледі және сабағына қатысқан оқытушының қолымен немесе тапсырмаларды орындау жағдайында практика жетекшісінің қолымен расталады.

Докторанттың пассивті сағаттарының құрамына міндетті түрде Canvas жүйесінде өзінің бірегей авторлық курсы өзіндік әзірлеу кіреді. Курстың тақырыбы докторанттың докторлық зерттеуінің жалпы бағытына сәйкес келуі тиіс. Докторанттарға Canvas жүйесінде «Оқытушы» рөлі тағайындалады және оларға жеке курс бекітіледі, онда докторант қажетті оқу материалдарын жүйеге жүктейді. Белсенді сағаттарға докторанттың 3 оқу сабағын өткізуі кіреді: бірінші сабақта докторант оқытушының ассистенті ретінде, екінші сабақта – оқытушымен тең дәрежеде бинарлық форматта, үшінші сабақта – толықтай дербес түрде сабақ өткізеді. Педагогикалық практиканың нәтижесі ретінде докторант әзірлеген курсты ұсыну, сондай-ақ өткізілген сабақтар бойынша есеп тапсыру көзделеді.

Қорғауға докторанттар төмендегі материалдарды ұсынады:

- сағаттарды есепке алу журналы қоса берілген практикадан өту туралы есеп;
- практика жетекшісінің сипаттамасы;
- диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша Canvas жүйесіндегі курсты көрсету.

Есепте педагогикалық практика тапсырмаларының сипаттамасы, қатысқан сабақтардың оқытудың зерделенген әдістемелеріне талдауымен бірге сипаттамасы, сондай-ақ өткізілген белсенді сағаттардың ілеспе талдауымен сипаттамасы қамтылады. Есептің ұсынылатын көлемі — 4–6 бет, қаріп Arial, 14 кегль, жоларалық интервал — 1.

Курс моделін таныстыруға қойылатын негізгі талаптар:

- таныстырылымның ұзақтығы — 10 минут;
- курс тақырыбы докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбымен тығыз байланысты болуы тиіс (қолданыстағы курстарды қайталамауы қажет);
- курс 3–5 модульден, бағалау критерийлері мен бағалардың салмақтық үлесі көрсетілген 2–4 бақылау іс-шарасынан, силлабусынан, сондай-ақ барлық қажетті материалдардан тұруы тиіс;

- барлық материалдар міндетті түрде Canvas жүйесіне жүктелуі тиіс;
- курс тақырыбы мен мазмұны докторанттың бұрын оқыған курстар шеңберінде ұсынған әзірлемелерін қайталамауы тиіс.

Есептерді қорғау Жоғары құқық мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамынан тұратын комиссияда өткізіледі. Баға комиссия мүшелерінің барлық бағаларының орташа арифметикалық мәнін есептеу арқылы қойылады. Бағалар ағымдағы күнгі есептерді тыңдау аяқталғаннан кейін докторанттарға жария етіледі. Докторант педагогикалық практиканы өту нәтижелері бойынша қойылған қорытынды бағаға апелляция беруге құқылы.

Докторанттардың педагогикалық практикасын бағалау критерийлері:

- докторант курстың логикалық құрылымын және контентті әзірлеуді түсінетінін көрсетеді – 30%
- докторант бақылау іс-шараларының нысандары мен бағалау критерийлерін әзірлей алу қабілетін көрсетеді – 15%
- докторанттың есебі логикалық түрде құрылымдалған және кемінде үш оқытушының оқыту әдістемесіне талдауды, сондай-ақ қатысқан сабақтарға сыни талдауды қамтиды – 30%
- докторант есеп жазу барысында және қорғау кезінде сұрақтарға жауап беру кезінде өткізілген белсенді сағаттарға қатысты өзіндік рефлексия дағдыларын көрсетеді – 15%
- докторант материалдарды логикалық түрде, сөйлеу мәдениетін сақтай отырып және кәсіби терминологияны қолдана отырып таныстырады – 10%.

5-тарау. Докторанттардың зерттеу практикасы

Зерттеу практикасы — докторанттардың өтуі үшін ұйымдастырылатын аудиториядан тыс жұмыс түрі. Зерттеу практикасының негізгі мақсаты докторлық зерттеуге релевантты жұмыстарды орындау болып табылады, олардың нәтижелері зерттеуді жазуға елеулі үлес қосуы тиіс. Докторанттар зерттеу практикасын диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес келетін ұйымдарда өтеді. Практикадан өту ұйымын Университет ұсынуы мүмкін немесе докторант өзі таңдаған ұйымды ұсына алады.

Практика офлайн форматта өтеді. Онлайн форматта практикадан өту ерекше жағдайларда Академиялық сапа комитетінің қарауымен ғана рұқсат етіледі. Докторант практикадан өту орнына кәсіпорындағы практика жетекшісімен келісілген кесте бойынша, бірақ аптасына кемінде 20 сағат қатысады. Докторант практика күнделігін жүргізеді, онда атқарылған сағаттар кәсіпорын тарапынан практика жетекшісінің қолымен расталады.

Практикадан өту барысында докторант тағылымдама өтетін ұйымның қызметімен танысады, кәсіпорын тарапынан практика жетекшісінің тапсырмаларын орындайды, тиісті нормативтік-құқықтық базаны зерделейді, өз диссертациялық зерттеу тақырыбына немесе оған жақын тақырыптарға қатысты ұйым материалдарымен жұмыс істейді. Практика тапсырмалары айрықша ғылыми-зерттеу сипатында болады және докторанттың зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, сондай-ақ докторлық зерттеуді жазуға елеулі үлес қосуға бағытталады.

Практика барысында докторант орындалған барлық жұмыстарды есепте сапалы көрсету мақсатында жүйелі түрде тіркеп отырады. Егер практика базасында докторантқа ұйым қызметіне елеулі түрде қатысу мүмкіндігі берілмесе, ол жүргізіліп жатқан жұмыстарға тартылмаса немесе қатысу деңгейі маңызды нәтиже алуға жеткіліксіз болса, докторант бұл туралы Жоғары құқық мектебінің басшылығына уақтылы хабарлауға міндетті. Мұндай жағдайда басшылық докторантты басқа ұйымға практикадан өтуге қайта бағыттау туралы

шешім қабылдауы мүмкін.

Практика аяқталғаннан кейін есептерді қорғау өткізіледі. Есептің ұсынылатын көлемі — 7–10 бет, қаріп Arial, 14 кегль, жоларалық интервал — 1. Есепте практика барысында докторант орындаған жұмыс түрлері мен тапсырмаларының сипаттамасы, тиісті саланың дамуындағы жалпы үрдістерге талдау, орындалған тапсырмалардың диссертациялық зерттеуді жазуға қосқан үлесінің сипаттамасы, практика өтетін ұйым тарапынан практика жетекшісінің сипаттамасы, сондай-ақ практика күнделігі қамтылады.

Есептерді қорғау Жоғары құқық мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамынан тұратын комиссияда өткізіледі. Баға комиссия мүшелерінің барлық бағаларының орташа арифметикалық мәні негізінде қойылады. Бағалар ағымдағы күнгі есептерді тыңдау аяқталғаннан кейін докторанттарға жария етіледі. Докторант зерттеу практикасын өту нәтижелері бойынша қойылған қорытынды бағаға апелляция беруге құқылы.

Докторанттардың зерттеу практикасын бағалау критерийлері:

- докторант өз диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша теориялық материалдарды терең деңгейде меңгергенін көрсетеді – 25%
- докторант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жоғары деңгейде меңгергенін көрсетеді – 25%
- зерттеу практикасының нәтижелері жүргізіліп жатқан зерттеуге елеулі көлемде енгізілген – 35%
- докторанттың есебі логикалық тұрғыдан жүйеленген, практика мазмұнын және оны өту нәтижелерін қамтиды – 15%

II-БӨЛІМ. ДОКТОРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

6-тарау. ДҒЗЖ және ғылыми консультанттың міндеттері

Докторлық зерттеуді дайындауды бақылау ғылыми консультантқа жүктеледі. Диссертация бойынша жұмыс ғылыми зерттеу жоспарына қатаң сәйкес жүргізіледі. Диссертациямен жұмыс докторант пен ғылыми консультанттың жеке консультацияларға қатысуы арқылы бірлесіп жүзеге асырылады. Бұдан бөлек, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының қосымша нысандары көзделеді:

- ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, пікірталастарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурстарына қатысу;
- шетелдік тағылымдамадан өту;
- зерттеу (өндірістік) практикасынан өту (сұхбаттар, сауалнамалар және т.б. жүргізу арқылы практикалық материал жинау);
- диссертация тақырыбы бойынша конференция жинақтарында және ғылыми журналдарда ғылыми жарияланымдар дайындау.

Докторлық диссертацияны дайындау барысында ғылыми консультант келесі жұмыстарды атқарады:

- диссертацияны орындауға тапсырма береді;
- диссертацияны орындаудың бүкіл кезеңіне арналған күнтізбелік жұмыс кестесін әзірлеуге көмек көрсетеді;
- докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы бағдарламасын бекітеді;
- тақырып бойынша қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және архивтік материалдарды, үлгілік жобаларды және өзге де дереккөздерді ұсынады;
- консультациялар кестесін белгілейді және олардың барысында докторанттың күнтізбелік жоспарды сақтауын ағымдағы бақылауды жүзеге асырады;
- докторанттың жұмысын үйлестіреді;
- ғылыми мақалалар жазуға көмек көрсетеді;
- қосымша шетелдік әдебиеттер жинау мақсатында ғылыми тағылымдамаларды (оның ішінде шетелдік) жоспарлайды;
- диссертацияны және оның жекелеген бөліктерін заңсыз өзге көздерден алынған материалдардың бар-жоғына тексереді.

Жеке консультациялар шеңберінде ғылыми консультант төмендегілерге қатысады:

- докторлық зерттеудің әдіснамасын қалыптастыру;
- әдебиеттер мен электрондық ресурстар бойынша ұсынымдар беру;
- алдағы конференциялар мен дөңгелек үстелдер туралы ақпараттандыру;
- шетелдік тағылымдамалар бағдарламасын құру;
- докторанттың нақты мәселелері бойынша көмек көрсету.

Ғылыми консультанттардың докторанттармен жұмысын бақылау деканның орынбасарына жүктеледі.

ДҒЗЖ үздіксіз негізде жүзеге асырылады және әрбір семестрде бақылаудың белгілі бір нысанымен аяқталады (7–10-тараулар). Докторанттың тұрақты ілгерілеуін бақылау, сондай-ақ олардың ғылыми дамуын жалпы үйлестіру, соның ішінде Жоғары құқық мектебінің жетекші профессорларымен докторанттардың кездесулерін қамтитын DocTalks сериясын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. DocTalks-қа қатысу есебі теориялық

оқыту шеңберіндегі сабақтарға қатысу есебімен теңестіріледі.

7-тарау. Research Proposal: Диссертация тақырыбының өзектілігін қорғау

Оқудың бірінші жылының соңында докторант өзінің зерттеу тақырыбы бойынша Research Proposal дайындап, оны Ғылым комитетінің алдында қорғауға ұсынады (құрылымы мен бағалау критерийлері 1-қосымшада көрсетілген). Research Proposal диссертациялық зерттеу орындалатын сол тілде дайындалып, сол тілде қорғалады.

Комиссия құрамында диссертацияны даярлау бағыты бойынша кемінде бір маманның болуы міндетті.

Research Proposal қорғау барысында докторантқа ұсынылған құжаттың мазмұны бойынша сұрақтар қойылуы мүмкін. Бұл сұрақтар зерттеу тақырыбы бойынша ақпаратты меңгеру деңгейін, сондай-ақ зерттеудің жалпы құрылымы мен күтілетін нәтижелері туралы көзқарасын талдауға мүмкіндік береді. Research Proposal қорғау тек Research Proposal-дың өз мазмұнын қамтиды. Қорғау барысында Комитет докторанттың таңдаған зерттеу бағыты шеңберінде диссертация тақырыбын нақтылау немесе редакциялау жөнінде ұсынымдар беруі мүмкін.

Research Proposal қорғау нәтижелері бойынша ашық талқылау арқылы Жоғары құқық мектебінің Ғылым комитеті докторантқа 0-ден 100 баллға дейін баға қояды. Егер Research Proposal қорғалмаса және докторант қорғау барысында міндетті аспектілерді ашып көрсете алмаса, Ғылым комитеті «Қанағаттанарлықсыз» (50 балдан төмен; F) бағасын қоюы мүмкін. Мұндай жағдайда fail академиялық қарыз ретінде қарастырылады және докторант келесі оқу курсына ауыстырылмайды. Research Proposal бойынша қайта қорғау кемінде 1 ай өткеннен кейін тағайындалуы мүмкін.

8-тарау. Draft Research I: ДҒЗЖ орындалуы туралы есеп

Оқудың екінші жылының соңында докторанттар Жоғары құқық мектебінің Ғылым комитетінде диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша Draft Research I қорғау түріндегі аралық бақылау рәсімінен өтеді (құрылымы мен бағалау критерийлері 2-қосымшада көрсетілген). Draft Research I диссертациялық зерттеу орындалатын сол тілде дайындалып, сол тілде қорғалады. Draft Research I докторлық диссертация мәтінінің кемінде 50 пайызын қамтуы тиіс.

Комиссия құрамында диссертацияны даярлау бағыты бойынша кемінде бір маманның болуы міндетті.

Есепті қорғау қорытындылары бойынша докторантқа диссертациялық зерттеу шеңберіндегі ғылыми қызметін жетілдіруге арналған ұсынымдар беріледі. Егер есеп қорғалмаса және докторант қорғау барысында міндетті аспектілерді ашып көрсете алмаса, Ғылым комитеті fail (50 балдан төмен; F) тіркеуі мүмкін. Мұндай жағдайда fail академиялық қарыз ретінде қарастырылады және докторант келесі оқу курсына ауыстырылмайды. Есепті қайта қорғау кемінде 1 ай өткеннен кейін тағайындалуы мүмкін. Ғылыми консультанттың жауапкершілік дәрежесі Академиялық сапа комитеті тарапынан қаралады.

9-тарау. Draft Research II: ДҒЗЖ орындалуы туралы есеп

Оқудың үшінші жылының соңында докторанттар Жоғары құқық мектебінің Ғылым комитетінде диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша Draft Research II қорғау түріндегі

аралық бақылау рәсімінен өтеді (құрылымы мен бағалау критерийлері 3-қосымшада көрсетілген). Draft Research II диссертациялық зерттеу орындалатын сол тілде дайындалып, сол тілде қорғалады. Draft Research II докторлық диссертация мәтінінің кемінде 80 пайызын қамтуы тиіс.

Комиссия құрамында диссертацияны даярлау бағыты бойынша кемінде бір маманның болуы міндетті.

Егер есеп қорғалмаса және докторант қорғау барысында міндетті аспектілерді ашып көрсете алмаса, Ғылым комитеті fail (50 балдан төмен; F) тіркеуі мүмкін. Мұндай жағдайда fail академиялық қарыз ретінде қарастырылады және докторант келесі оқу курсына ауыстырылмайды. Есепті қайта қорғау кемінде 1 ай өткеннен кейін тағайындалуы мүмкін. Ғылыми консультанттың жауапкершілік дәрежесі Академиялық сапа комитеті тарапынан қаралады.

10-тарау. Peer-review

Оқудың 3 және 5-семестрлерінің соңында практик-консультант зерттеуге peer-review жүргізіп, докторант орындаған жұмыстың көлемі мен сапасын бағалайды. Практик-консультантты Жоғары құқық мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамына кірмейтін, білім беру бейіні мен тәжірибесі диссертация тақырыбына сәйкес келетін тұлғалар қатарынан Ғылым комитеті тағайындайды.

Практик-консультанттың PhD, ғылым кандидаты немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесі болуы тиіс.

Peer-review қорытындысы бойынша консультант төмендегілер көрсетілетін пікір дайындайды:

- осы саясат талаптарына қатысты орындалған жұмыстың көлемінің жеткіліктілігі;
- орындалған жұмыстың сапасы;
- «Ғылыми зерттеу әдіснамасы» курсы мен меңгергеннен кейінгі Research Proposal жобасының сапасы (оқудың бірінші жылы ішінде);
- диссертациялық зерттеудің дайындалған бөлігінің сапасы.

Докторант жыл соңында Ғылым комитеті алдында қорғауға дейін консультант анықтаған ескертулер мен қателерді енгізуге және түзетуге міндетті. Консультанттың ескертулері мен ұсынымдарының орындалу деңгейі Ғылым комитетінде есепті бағалау кезінде ескерілуі тиіс.

11-тарау. Диссертацияны қорғауға жіберу (алдын ала қорғау)

Докторант диссертациялық зерттеуді қорғауға Ғылым комитетінің кеңейтілген отырысы барысында жіберіледі.

Диссертацияны ресми алдын ала қорғау және қорғау рәсімдерін өткізу барысында міндетті аудио-бейне тіркеу жүзеге асырылады.

Диссертацияны алдын ала қорғау отырысын ұйымдастыруға және философия докторы (PhD) дәрежесіне қорғауға жіберу туралы шешім қабылдауға қойылатын талаптар:

- докторант білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына сәйкес жоспарланған барлық білім беру кредиттерін толық меңгеруі тиіс;
- отырыс докторанттың бастамасы бойынша тағайындалады;
- отырысқа Ғылым комитеті мүшелерінің кемінде 2/3 қатысуы тиіс;

- Ғылым комитетінің отырысына тиісті бағыт бойынша білім беру бағдарламасының басшысы, сондай-ақ диссертацияны талқылауға ғылыми және/немесе практикалық тұрғыдан үлес қоса алатын кемінде үш (3) шақырылған маман қатысуы тиіс; докторант отырысқа StrikePlagiarism жүйесінде заңсыз заимстволарға тексеру нәтижелерімен бірге аяқталған диссертациялық жұмысты ұсынуы тиіс;

- докторант философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін, ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланған материалдарды ұсынуы тиіс²;

- докторант шетелдік ғылыми консультанттың пікірін ұсынуы тиіс;

- докторант ғылыми консультанттың пікірін ұсынуы тиіс. Диссертация ғылыми консультанттың оң пікірі болған жағдайда ғана қорғауға жіберіледі. Ғылыми консультанттың пікірінде міндетті түрде мынадай аспектілер қамтылуы тиіс: қорғауға ұсынылатын қағидалардың ғылыми жаңалығы; қорғалатын қағидалардың ғылыми негізделу дәрежесі; жеткілікті теориялық база; қорғалатын қағидалардың өзектілігін дәлелдейтін жеткілікті эмпирикалық деректер; академиялық адалдық пен зерттеу этикасы қағидаларының сақталуы; рәсімдеудің талаптарға сәйкестігі, оның ішінде дәйексөз беру стилінің сақталуы. Ғылыми консультанттың пікірінде мына екі нұсқаның бірі көрсетіледі: 1) жария қорғауға ұсыну; 2) жария қорғауға ұсынбау.

Диссертация Жоғары құқық мектебі Ғылым комитетінің хатшысына ресми жария қорғау рәсімі басталғанға дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын жіберілуі тиіс.

Жария қорғауға жіберу туралы шешім қабылдау кезінде Ғылым комитеті келесі критерийлерді басшылыққа алады:

- қорғауға ұсынылатын қағидалардың ғылыми жаңалығы;

- қорғалатын қағидалардың ғылыми негізделу дәрежесі;

- диссертациялық зерттеу барысында талданған жеткілікті теориялық база;

- қорғалатын қағидалардың релеванттылығы мен дәлелділігін растайтын эмпирикалық деректердің болуы;

- академиялық адалдық қағидаларын сақтау және заңсыз заимстволарға жол бермеу;

- жұмыстың техникалық рәсімделуінің талаптарға сәйкестігі, оның ішінде дұрыс дәйексөз келтіру.

Егер Ғылым комитеті диссертациялық зерттеу жоғарыда көрсетілген критерийлердің кемінде біріне сәйкес келмейді деп тапса, докторантқа қорғауға жіберу талаптарына сәйкестікке қол жеткізу үшін зерттеуді қосымша жетілдіру ұсынылуы мүмкін. Ғылым комитетінің қайта кеңейтілген отырысы докторанттың диссертациялық зерттеуді түзету немесе толықтыру туралы өтініші негізінде өткізіледі және бастапқы отырысқа қолданылған сол критерийлер бойынша жүзеге асырылады, сондай-ақ бұрын берілген ұсынымдар бойынша атқарылған жұмыстардың салыстырмалы талдауын қамтиды.

Апелляция. Кез келген іс-шара аясында қойылған бағаға қатысты Ғылым комитетіне апелляция берілген жағдайда, апелляциялық комиссияның құрамы Ғылым комитеті мен Жоғары құқық мектебі деканының кеңсесі бірлесіп қалыптастырады.

² «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100006951>

III-БӨЛІМ. ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PhD) ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕСІН АЛУҒА АРНАЛҒАН ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

12-тарау. Қолданылу саласы

Осы Қағидалар философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылатын докторлық диссертациялардың (бұдан әрі – диссертация) құрылымына, көлеміне және рәсімделу тәртібіне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

13-тарау. Жалпы ережелер

Диссертация дербестік, ішкі біртұтастық, ғылыми жаңалық, дәйектілік (сенімділік), практикалық құндылық және академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып орындалады:

1. *Дербестік қағидаты* – диссертация автордың жеке өзі орындаған ғылыми жұмыс болуы және автордың ғылымға қосқан жеке үлесін айқын көрсетуі тиіс.

2. *Ішкі біртұтастық қағидаты* – диссертация ішкі логикалық біртұтастыққа ие болуы, оның барлық бөлімдері мен қағидалары өзара логикалық тұрғыдан байланысқан болуы тиіс. Алынған ғылыми қағидалар, нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуі қажет. Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, белгілі шешімдермен салыстырмалы түрде бағалануы тиіс.

3. *Ғылыми жаңалық қағидаты* – диссертациядағы барлық ғылыми нәтижелер, қағидалар, ұсынымдар мен қорытындылар жаңа болуы тиіс. Ғылыми жаңалық тұрғысынан диссертацияда мыналар қамтылуы қажет:

- жаңа ғылыми негізделген теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелер, олардың жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде бағалануы немесе нақты ғылыми бағыттардың дамуына елеулі үлес қосуы; немесе

- ғылыми негізделген техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдер, оларды енгізу ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосуы.

4. *Дәйектілік қағидаты* – диссертациялық зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістері, деректерді өңдеу мен интерпретациялау әдістемелері және компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынуы тиіс.

5. *Диссертацияның практикалық құндылығы қағидаты* – қолданбалы сипаттағы диссертацияда автор алған ғылыми нәтижелердің практикада пайдаланылғаны туралы мәліметтер (авторлық куәліктер, патенттер және өзге де ресми құжаттармен расталған) келтіріледі; теориялық сипаттағы диссертацияда ғылыми қорытындыларды пайдалану жөніндегі ұсынымдар беріледі.

6. *Академиялық адалдық қағидаты* – диссертация авторы өзге авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға міндетті, атап айтқанда:

- өзге авторлардың мәтіндерін, идеяларын, гипотезаларын, қорытындыларын, әдістерін, зерттеу нәтижелерін, графиктерін, кодтарын, суреттерін немесе еңбектерін автор мен дереккөзге сілтеме жасамай пайдалану немесе иемдену, сондай-ақ өзге авторлардың мәтіндерін мағынасын өзгертпей синонимдік ауыстыру арқылы қолдану, оның ішінде басқа тілден аударылған мәтінді пайдалану (плагиат);

- өз материалдарын, фактілік және сандық деректерді өзіне немесе бастапқы дереккөзге сілтеме жасамай пайдалану (автоплагиат);

- жоқ дереккөздерге сілтеме жасау, жалған деректерді және (немесе) нәтижелерді ұсыну, олар туралы жазбалар жасау немесе хабарлау (фабрикация);

- зерттеу материалдарымен, жабдықтармен, бейнелермен, иллюстрациялармен немесе процестермен айла-шарғы жасау, соның салдарынан диссертациядағы зерттеу материалдарының бұрмалануы (фальсификация).

Нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттардың атауларының, мемлекеттік және өзге де ресми органдар мен ұйымдардың атауларының, тиісті ғылым саласы үшін жалпы қабылданған терминдер мен ұғымдардың, нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің, зерттелетін туындылар мәтіндерінің қайталануы, егер олардың көлемі мен қолданылу сипаты диссертацияның дербестігіне күмән келтірмесе, плагиат болып саналмайды. Плагиатты анықтау мүмкіндігін азайту немесе болдырмау мақсатында техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдануға жол берілмейді.

Диссертацияда сауалнамалар, сұхбаттар және өзге де эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері қамтылуы мүмкін. Егер диссертация авторы сауалнама немесе сұхбат жүргізуді жоспарласа, ол ғылыми консультантпен алдын ала келісілген зерттеу форматын және сұрақтар тізбесін Жоғары құқық мектебінің Ғылым комитетіне ұсынуға міндетті. Мұндай зерттеулерді жүргізу үшін Ғылым комитетінің мақұлдауы міндетті болып табылады.

14-тарау. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация көлемі

Диссертацияның көлемі кемінде 150 бет болуы тиіс. Диссертация көлеміне қосымшалар енгізілмейді.

15-тарау. Диссертацияның құрылымы

Диссертацияның құрылымдық элементтері мыналар болып табылады:

- титулдық бет;
- мазмұны;
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар;
- белгілер мен қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған дереккөздер тізімі;
- қосымшалар.

16-тарау. Диссертацияның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар

Титулдық бет

Титулдық бет диссертацияның бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеу мен іздестіруге қажетті ақпараттың көзі қызметін атқарады. Титулдық бет диссертация беттерінің жалпы нөмірленуіне енгізіледі, алайда титулдық бетте бет нөмірі қойылмайды. Титулдық бет 4-қосымшаға сәйкес рәсімделеді. Титулдық бетте докторанттың қара сиямен қойылған жеке қолы болуы тиіс.

Титулдық бетте келесі мәліметтер көрсетіледі:

- диссертация орындалған ұйымның атауы;
- әмбебап ондық жіктеу индексі (ӨОЖ);
- шектеу грифі (қажет болған жағдайда);
- диссертанттың тегі, аты, әкесінің аты;
- жұмыстың атауы;
- білім беру бағдарламасының коды мен атауы;

- іздеп отырған ғылыми дәреже;
- ғылыми консультанттардың тегі мен инициалдары;
- орындалған жері мен жылы.

Диссертация мазмұны

Диссертацияның мазмұны кіріспені, барлық бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың (атауы болған жағдайда) реттік нөмірлері мен атауларын, қорытындыны, пайдаланылған дереккөздер тізімін және қосымшалардың атауларын қамтиды. Барлық құрылымдық элементтер басталатын бет нөмірлерін көрсету арқылы беріледі.

Нормативтік сілтемелер

«Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементі диссертация мәтінінде сілтеме жасалған стандарттардың тізбесін қамтиды. Тізбе келесі сөздермен басталады: «Осы диссертацияда төмендегі стандарттарға сілтемелер қолданылған». Тізбеге стандарттардың белгіленуі мен атаулары тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен енгізіледі.

Анықтамалар

«Анықтамалар» құрылымдық элементі диссертацияда қолданылатын терминдерді нақтылау немесе белгілеу үшін қажетті анықтамаларды қамтиды. Анықтамалар тізімі келесі сөздермен басталады: «Осы диссертацияда келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылады».

Белгілер мен қысқартулар

«Белгілер мен қысқартулар» құрылымдық элементі диссертацияда қолданылатын барлық белгілер мен қысқартулардың тізбесін қамтиды. Белгілер мен қысқартулар мәтінде қолданылу ретімен немесе әліпбилік тәртіппен беріліп, тиісті түсіндірмелері көрсетіледі. Анықтамалар, белгілер мен қысқартуларды біріккен «Анықтамалар, белгілер мен қысқартулар» атты бір құрылымдық элементте көрсетуге жол беріледі.

Кіріспе

Кіріспе келесі мазмұнды қамтуы тиіс: шешілетін ғылыми немесе ғылыми-технологиялық мәселенің (міндеттің) қазіргі жағдайын бағалау; тақырыпты әзірлеудің негіздемесі мен бастапқы деректері; осы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігін негіздеу; жоспарланып отырған ғылыми-техникалық деңгей туралы мәліметтер; патенттік зерттеулер және олардан шығарылған қорытындылар; диссертацияның метрологиялық қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен ғылыми жаңалығы, жұмыстың басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысы көрсетілуі, сондай-ақ мақсаты, объектісі мен пәні, зерттеу міндеттері, олардың жалпы ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ) жүйесіндегі орны, әдіснамалық негіз, қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар айқындалуы тиіс.

Негізгі бөлім

Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесін және негізгі нәтижелерін сипаттайтын деректер келтіріледі.

Негізгі бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

- теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулердің барысы, оның ішінде теориялық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын анықтау, зерттеу әдістері, есептеу әдістері, эксперименттік жұмыстарды жүргізу қажеттілігін негіздеу, әзірленген объектілердің жұмыс істеу қағидаттары мен сипаттамалары;
- зерттеу нәтижелерін жинақтау және бағалау, соның ішінде қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалау, әрі қарайғы зерттеу бағыттары бойынша ұсыныстар, алынған

нәтижелердің дұрыстығын бағалау және оларды отандық және шетелдік ұқсас нәтижелермен салыстыру.

Әрбір бөлім негізгі қорытындылармен аяқталуы және келесі бөлімге негіз болуы тиіс.

Негізгі бөлімдегі баяндау қатаң негізделген, тұтас және логикалық бірізді болуы қажет. Орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық қателерге жол берілмейді. Ғылыми стиль сақталуы тиіс; эмоционалды пайымдауларға, көркем әдебиеттен алынған тіркестерге, тұрмыстық сөздерге, жаргонға және т.б. жол берілмейді.

Қорытынды

Қорытындыда келесілер қамтылуы тиіс:

- диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдар;
- қойылған міндеттердің шешілу толықтығын бағалау;
- алынған нәтижелерді практикалық қолдану бойынша ұсынымдар мен бастапқы деректер;
- орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін осы саладағы үздік жетістіктермен салыстырмалы бағалау.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

Тізім диссертацияны жазу барысында пайдаланылған барлық дереккөздер туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

Қосымшалар

Қосымшаларға негізгі бөлімге енгізу мүмкін болмаған, бірақ диссертациямен тікелей байланысты материалдарды енгізу ұсынылады. Қосымшаларға мыналар кіруі мүмкін:

- аралық математикалық дәлелдемелер, формулалар мен есептеулер;
- сынақ хаттамалары;
- эксперименттер, өлшеулер мен сынақтар жүргізу кезінде қолданылған аппаратуралар мен құралдардың сипаттамалары;
- есептеу техникасында шешілетін есептердің алгоритмдері мен бағдарламаларының сипаттамалары;
- қосалқы сипаттағы иллюстрациялар (фотосуреттер);
- диссертациялық жұмысты (немесе оның бөлігін) ғылыми-техникалық кеңесте қарау хаттамалары;
- диссертациялық жұмыс нәтижелерін енгізу актілері және т.б.;
- заңнамалық актілердің, тұжырымдамалардың және өзге де құжаттардың жобалары.

17-тарау. Диссертацияны рәсімдеу қағидалары

Жалпы талаптар

Диссертация мәтінін баяндау және рәсімдеу осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Диссертациялық жұмыстың мәтін беттері, сондай-ақ диссертацияға енгізілген иллюстрациялар мен кестелер А4 форматындағы қағазға сәйкес болуы тиіс.

Диссертация компьютер мен принтерді пайдалана отырып, А4 форматындағы ақ қағаздың бір бетіне, бір интервалмен, қара түсті Arial қарпімен, 14 кегльмен орындалады. Диссертация мәтіні мынадай өріс өлшемдерін сақтай отырып басып шығарылады: оң жақ — 20 мм, жоғары — 20 мм, сол жақ — 30 мм және төменгі — 20 мм.

Белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аударту үшін өртүрлі

гарнитурадағы қаріптерді қолдану арқылы компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалануға жол беріледі. Басылған мәтіннің, иллюстрациялардың, кестелердің және компьютерден алынған басып шығарулардың сапасы олардың анық әрі айқын көрінуі талаптарына сай болуы тиіс.

Диссертацияны орындау барысында бүкіл жұмыс бойынша бейненің біркелкі тығыздығы, контрастылығы және айқындығы сақталуы қажет. Диссертацияда сызықтар, әріптер, цифрлар мен белгілер анық, жайылып кетпеген болуы тиіс.

Диссертацияда тегі, ұйымдардың атаулары, бұйымдардың атаулары және басқа да жалқы есімдер түпнұсқа тілінде беріледі.

Жалқы есімдерді транслитерациялауға және ұйым атауларын диссертация тіліне аударып көрсетуге жол беріледі, бұл ретте алғашқы аталған кезде түпнұсқа атауы жақша ішінде көрсетіледі.

Диссертацияның құрылымы

«Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған дереккөздер тізімі», «Қосымша» атаулары диссертацияның құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады. Құрылымдық элементтер жартылай қалың қаріппен ерекшеленуі тиіс.

Диссертацияның негізгі бөлігін бөлімдерге, бөлімшелерге және тармақтарға бөлу қажет. Қажет болған жағдайда тармақтар тармақшаларға бөлінуі мүмкін. Мәтінді тармақтар мен тармақшаларға бөлген кезде әрбір тармақ аяқталған, дербес мазмұнды қамтуы тиіс.

Бөлімдер мен бөлімшелердің тақырыптары болуы тиіс. Тармақтар, әдетте, тақырыпсыз беріледі. Тақырыптар бөлімдер мен бөлімшелердің мазмұнын нақты әрі қысқа түрде көрсетуі керек. Бөлімдер, бөлімшелер және тармақтардың тақырыптары абзацтық шегініспен, бас әріптен бастап, соңында нүктесіз, асты сызылмай басылады. Егер тақырып екі сөйлемнен тұрса, олар нүктемен бөлінеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұнының үлгісі 5-қосымшада келтірілген.

Диссертация беттерін нөмірлеу

Диссертация беттері бүкіл мәтін бойынша үздіксіз нөмірлеуді сақтай отырып, араб цифрларымен нөмірленеді. Бет нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына, нүктесіз қойылады. Титулдық бет жалпы нөмірлеуге енгізіледі, алайда титулдық бетте бет нөмірі көрсетілмейді. Жеке парақтарда орналасқан иллюстрациялар мен кестелер де диссертацияның жалпы бет нөмірлеуіне енгізіледі. А3 форматындағы парақтағы иллюстрациялар мен кестелер бір бет ретінде есептеледі.

Бөлімдер, бөлімшелер, тармақтар және тармақшаларды нөмірлеу

Диссертация бөлімдері бүкіл жұмыс шегінде араб цифрларымен, нүктесіз, абзацтық шегініспен белгіленген реттік нөмірлерге ие болуы тиіс. Бөлімшелер әр бөлім шегінде нөмірленеді. Бөлімше нөмірі бөлім мен бөлімше нөмірлерінен тұрады және олар нүктемен бөлінеді, соңында нүкте қойылмайды. Бөлімдер де, бөлімшелер де бір немесе бірнеше тармақтан тұруы мүмкін.

Егер диссертацияда бөлімшелер болмаса, тармақтар әр бөлім шегінде нөмірленеді, ал тармақ нөмірі бөлім мен тармақ нөмірлерінен тұрады, соңында нүкте қойылмайды.

Егер диссертацияда бөлімшелер болса, тармақтар бөлімше шегінде нөмірленеді және

тармақ нөмірі бөлім, бөлімше және тармақ нөмірлерінен тұрады.

Егер бөлім бір ғана бөлімшеден тұрса, бөлімше нөмірленбейді. Егер бөлімше бір ғана тармақтан тұрса, тармақ нөмірленбейді.

Егер мәтін тек тармақтарға ғана бөлінсе, олар бүкіл диссертациялық жұмыс шегінде реттік нөмірлермен нөмірленеді.

Қажет болған жағдайда тармақтар тармақшаларға бөлінеді. Тармақшалар әр тармақ шегінде реттік нөмірленуге ие болады, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.б.

Тармақтар немесе тармақшалар ішінде тізбелер келтірілуі мүмкін.

Әрбір тізбеден бұрын дефис қойылады немесе мәтінде тізбенің белгілі бір элементіне сілтеме жасау қажет болған жағдайда, жақшамен берілген кіші әріп қолданылады (ё, з, й, о, ч, ь, ы, ъ әріптерінен басқа).

Тізбелерді одан әрі нақтылау үшін араб цифрлары қолданылады, олардың соңынан жақша қойылады және жазба абзацтық шегініспен жүргізіледі.

Егер диссертациялық жұмыс екі немесе одан да көп бөліктен тұрса, әрбір бөлік өз реттік нөміріне ие болуы тиіс. Әр бөліктің нөмірі титулдық бетте диссертация түрінің атауынан кейін, мысалы, «2-бөлім» деп көрсетіледі.

Диссертацияның әрбір құрылымдық элементі (15-тарау және т.б.) жаңа парақтан басталуы тиіс.

Диссертация мен оның құрамына кіретін қосымшалардың бет нөмірлеуі үздіксіз болуы қажет.

Иллюстрациялар

Иллюстрациялар (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, компьютерлік басып шығарулар, диаграммалар, фотосуреттер) диссертация мәтінде олар алғаш рет аталған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастырылады. Иллюстрациялар компьютерлік орындауда, соның ішінде түрлі-түсті болуы мүмкін. Барлық иллюстрацияларға диссертация мәтінде сілтемелер берілуі тиіс.

Диссертацияда орналастырылатын сызбалар, графиктер, диаграммалар, схемалар мен иллюстрациялар Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің (КҚБЖ) мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сызбаларды, графиктерді, диаграммалар мен схемаларды компьютерлік басып шығару арқылы орындауға жол беріледі.

Қосымшалардағы иллюстрацияларды қоспағанда, иллюстрациялар араб цифрларымен үздіксіз нөмірленеді. «Сурет» сөзі мен оның атауы жолдың ортасына орналастырылады.

Қажет болған жағдайда иллюстрациялар атауға және түсіндірме деректерге (сурет астындағы мәтінге) ие болуы мүмкін. «Сурет» сөзі мен оның атауы түсіндірме деректерден кейін орналастырылады және мынадай түрде беріледі: Сурет 1 – Құрал бөлшектері.

Егер сурет бір беттен артық орын алса, суреттің нөмірі мен атауы бірінші бетте

беріледі және оның беті көрсетіледі, ал келесі беттерде тек сурет нөмірі мен беті көрсетіледі (мысалы: Сурет 1 – Құрал бөлшектері, 1-бет; Сурет 1, 2-бет).

Иллюстрацияларды бөлім шегінде нөмірлеуге жол беріледі. Бұл жағдайда иллюстрация нөмірі бөлім нөмірі мен иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады және нүктемен бөлінеді, мысалы: Сурет 1.1. Әр қосымшаның иллюстрациялары қосымшаның белгісі көрсетіле отырып, жеке нөмірленеді, мысалы: Сурет А.3. Иллюстрациялар В қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

Иллюстрацияларға сілтеме жасағанда үздіксіз нөмірлеу кезінде «...2-суретке сәйкес» және бөлім шегінде нөмірлеу кезінде «...1.2-суретке сәйкес» деп жазылады.

Кестелер

Кестелер көрсеткіштерді көрнекі түрде көрсету және салыстыру ыңғайлылығы үшін қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұнын дәл әрі қысқа түрде көрсетуі тиіс. Кестенің атауы кестенің үстінде, сол жақта, абзацтық шегініссіз, оның нөмірімен бір жолда сызықша арқылы беріледі. Кесте диссертацияда алғаш рет аталған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастырылады. Барлық кестелерге диссертация мәтінінде сілтемелер берілуі тиіс. Сілтеме жасағанда «кесте» сөзі және оның нөмірі көрсетіледі.

Жолдары көп кестені басқа бетке көшіруге жол беріледі. Кестенің бір бөлігі басқа бетке көшірілген кезде «Кесте» сөзі, оның нөмірі мен атауы бірінші бөліктің үстінде бір рет көрсетіледі, ал келесі бөліктердің үстінде «Кестенің жалғасы» деген сөздер және кесте нөмірі беріледі, мысалы: «1-кестенің жалғасы». Кесте басқа бетке көшірілгенде оның тақырып жолы тек бірінші бөлігінде ғана беріледі.


Бағандары көп кестені бір беттің ішінде бірінің астына бірін орналастырып, бірнеше бөлікке бөлуге жол беріледі. Егер кестенің жолдары мен бағандары беттің форматына сыймаса, бірінші жағдайда әр бөлікте кестенің тақырып жолы, екінші жағдайда бүйірлік баған қайталаынады.

Кестенің әртүрлі жолдарында қайталанатын бір сөзден тұратын мәтінді бірінші жазудан кейін тырнақшалармен алмастыруға болады; екі немесе одан да көп сөзден тұратын мәтін алғаш қайталанғанда «Сол сияқты» сөздерімен, кейін тырнақшалармен алмастырылады. Қайталанатын цифрларды, маркаларды, белгілерді, математикалық және химиялық символдарды тырнақшалармен алмастыруға жол берілмейді. Егер кестенің қандай да бір жолында цифрлық немесе өзге деректер келтірілмесе, онда сызықша қойылады.

Қажет болған жағдайда «№» реттік нөмірі бар баған берілуі мүмкін, өзге жағдайларда ол көрсетілмейді.

Цифрлық материал, әдетте, кесте түрінде рәсімделеді. Кестені рәсімдеу үлгісі 1-суретте келтірілген.

Кесте _- _ номер кестенің атауы



1-сурет

Қосымшалардағы кестелерді қоспағанда, кестелер араб цифрларымен үздіксіз нөмірленеді. Кестелерді бөлім шегінде нөмірлеуге жол беріледі. Бұл жағдайда кесте нөмірі бөлім нөмірі мен кестенің реттік нөмірінен тұрады және олар нүктемен бөлінеді.

Әрбір қосымшаның кестелері араб цифрларымен жеке нөмірленеді, бұл ретте цифрдың алдына қосымшаның белгісі қойылады.

Кестенің бағандары мен жолдарының тақырыптары бас әріптен, жекеше түрде жазылады, ал бағандардың тақырыпшалары, егер олар тақырыппен бір сөйлем құраса, кіші әріптен, ал дербес мағынаға ие болған жағдайда бас әріптен жазылады. Кесте тақырыптары мен тақырыпшаларының соңында нүкте қойылмайды.

Кестелер сол жақтан, оң жақтан және төменгі жағынан сызықтармен шектеледі. Кестеде мәтінге қарағанда қаріп өлшемі кіші болуы мүмкін.

Бүйірлік баған мен баған тақырыптары мен тақырыпшаларын диагональ сызықтармен бөлуге жол берілмейді.

Кесте жолдарын бөлетін көлденең және тік сызықтарды, егер олардың болмауы кестені пайдалануды қиындатпаса, жүргізбеуге жол беріледі.

Баған тақырыптары кесте жолдарына параллель жазылады. Қажет болған жағдайда баған тақырыптарын перпендикуляр орналастыруға жол беріледі. Кестенің тақырыптық бөлігі кестенің қалған бөлігінен сызық арқылы бөлінуі тиіс.

Ескертпелер

«Ескертпе» сөзі абзацтан, бас әріппен жазылады және асты сызылмайды. Ескертпелер диссертацияда мәтіннің, кестелердің немесе графикалық материалдың мазмұнына түсіндірме немесе анықтамалық деректер беру қажет болған жағдайда келтіріледі. Ескертпелерде талаптар қамтылмауы тиіс.

Ескертпелер өздеріне қатысты мәтіндік, графикалық материалдан немесе кестеден кейін тікелей орналастырылады. Егер ескертпе біреу ғана болса, «Ескертпе» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескертпе бас әріптен басталып жазылады. Бір ескертпе нөмірленбейді. Бірнеше ескертпе араб цифрларымен, нүктесіз, ретімен нөмірленеді. Кестеге берілген ескертпе кестенің соңында, кестенің аяқталуын білдіретін сызықтың үстінде орналастырылады.

Қажет болған жағдайда диссертацияда қосымша түсіндірме беру үшін ескертпе сілтеме (төменгі ескертпе) түрінде рәсімделуі мүмкін. Сілтеме белгісі түсіндірме берілетін сөзден, саннан, белгіден немесе сөйлемнен кейін бірден қойылады. Сілтеме белгісі жақшадағы үстіңгі индекс түріндегі араб цифрларымен беріледі. Цифрлардың орнына жұлдызшалар (*) қолдануға жол беріледі. Сілтеме бет соңында абзацтық шегініспен, мәтіннен сол жақтан қысқа көлденең сызық арқылы бөлініп орналастырылады. Кестеге арналған сілтеме кестенің соңында, кестенің аяқталуын білдіретін сызықтың үстінде беріледі.

Дәйексөз келтіру (сілтемелер)

Диссертациялық зерттеуді жазу барысында дереккөздерге жасалатын сілтемелерді рәсімдеу Oxford University Standard for the Citation of Legal Authorities (OSCOLA), 4th edition дәйексөздеу стилін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Анықтамалар, белгілер және қысқартулар

Анықтамалар, белгілер мен қысқартулар тізбесі баған түрінде орналастырылады. Сол жақта қолданылу ретіне немесе әліпбилік тәртіппен қысқартулар, шартты белгілер, символдар, физикалық шамалардың бірліктері мен терминдер келтіріледі, ал оң жақта олардың толық жазбаша түсіндірмесі беріледі.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

Пайдаланылған дереккөздер тізімі таңдалған дәйексөздеу стиліне сәйкес рәсімделеді.

Қосымшалар

Қосымшалар диссертацияның жалғасы ретінде оның кейінгі беттерінде рәсімделеді. Диссертация мәтінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі тиіс. Қосымшалар мәтінде оларға жасалған сілтемелердің ретімен орналастырылады. Әрбір қосымша жаңа беттен басталып, беттің жоғарғы ортасына «Қосымша» сөзі және оның белгісі көрсетіледі.

Әр қосымшаның мәтіні, қажет болған жағдайда, бөлімдерге, бөлімшелерге, тармақтар мен тармақшаларға бөлінуі мүмкін; олар әр қосымша шегінде нөмірленеді, бұл ретте нөмірдің алдына сол қосымшаның белгісі қойылады. Қосымшалар диссертацияның негізгі бөлігімен бірдей үздіксіз бет нөмірлеуге ие болуы тиіс.

18-тарау. Правила использования искусственного интеллекта в диссертационной работе

Диссертациялық жұмысты даярлау барысында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын пайдалануға жол беріледі, алайда мұндай пайдалану дербестік, академиялық адалдық, дәйектілік және этикалық қағидаттар шеңберінде ғана жүзеге асырылуы тиіс. ЖИ автордың зияткерлік үлесін алмастырмайтын, зерттеудің жекелеген кезеңдерінің тиімділігін арттыруға арналған қосалқы құрал ретінде ғана қарастырылады. ЖИ қолдану ғылыми консультантпен алдын ала келісілгеннен кейін ғана мүмкін болады.

ЖИ-ді қолдану материалдарды алдын ала даярлау кезеңінде, соның ішінде деректерді жинау, санаттау және бастапқы өңдеу барысында рұқсат етіледі. Сондай-ақ ЖИ технологиялары ақпаратты статистикалық өңдеу, модельдеу немесе талдамалық құралдарды күшейту мақсатында пайдаланылуы мүмкін, бұл ретте тұжырымдамалық ережелерді, интерпретацияларды және ғылыми қорытындыларды автордың өзі дербес қалыптастыруы тиіс. Мәтінді жазу кезеңінде ЖИ-ді оқылымдылықты, стильді және тілдік рәсімдеуді жақсарту үшін қолдануға жол беріледі, алайда мазмұндық фрагменттерді жасауға, гипотезаларды, қорытындыларды немесе негіздемелерді тұжырымдауға пайдалануға жол берілмейді.

ЖИ-ді пайдалану академиялық адалдық қағидатын толық сақтауды талап етеді. Автор ЖИ қолдану фактілері туралы ашық әрі айқын түрде хабарлауға міндетті. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған құралдың атауы, өндірушісі, нұсқасы және қолданылған күні, сондай-ақ ЖИ-дің қандай кезеңдерде және қандай тәсілмен пайдаланылғаны көрсетілуі тиіс. Автор ЖИ көмегімен алынған немесе өңделген деректердің дұрыстығын тексеру әдістерін де түсіндіруге міндетті. Мұндай мәліметтердің болмауы жұмыста ЖИ қолданылмағанын растау ретінде қарастырылады.

ЖИ-ді ғылыми қағидаларды, бастапқы нәтижелерді, авторлық қорытындыларды немесе докторанттың дербес ғылыми жұмысының нәтижесі болып табылуы тиіс өзге де зияткерлік өнімді генерациялау үшін пайдалануға жол берілмейді. ЖИ-ді плагиатты жасыру, алынған мәтіндерді синтаксистік тұрғыдан өзгерту, деректерді қолдан жасау немесе бұрмалау мақсатында қолдануға, сондай-ақ қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді немесе құпиялық белгісі бар материалдарды қамтитын жұмыстарда пайдалануға тыйым салынады. Жеке деректермен жұмыс істеу кезінде, әсіресе 13 жасқа дейінгі балаларға қатысты зерттеу жобаларында, ерекше шектеулер қолданылады.

Автор ұсынылған ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы үшін, сондай-ақ процестің барлық қатысушыларының белгіленген нормаларды сақтауына жауапты болады. Автор барлық нәтижелердің сенімділігін, негізділігін және тексерілетіндігін қамтамасыз етуге, ЖИ-мен жұмыс істеудің ашық әдіснамасын ұсынуға, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге міндетті.

RESEARCH PROPOSAL-ҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

№	RESEARCH PROPOSAL келесі бөлімдерден тұруы тиіс:	Балл
1.	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖОСПАРЫ Осы бөлімде докторанттар диссертациялық зерттеудің жоспарын (мазмұнын) ұсынады.	20 Балл
2.	КІРІСПЕ <ul style="list-style-type: none">• Диссертациялық зерттеудің негізін құрайтын зерттеу проблемаларын тұжырымдау;• Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері.	20 Балл
3.	ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ Осы бөлімде докторанттар диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеулермен таныс екенін көрсетуі тиіс. Атап айтқанда, докторанттар: негізгі теорияларды; зерттеу әдістерін; және осы саладағы ғылыми пікірталастарды көрсетуі қажет. Әдебиетке шолу өзге еңбектерді жай ғана мазмұндаумен шектелмеуі тиіс. Докторанттар басқа авторлардың еңбектерін таңдалған проблема тұрғысынан талдауы қажет. Атап айтқанда, докторанттар: негізгі әдебиеттерді айқындап; таңдалған проблема бойынша бірнеше көзқарасты салыстыруы тиіс.	50 Балл
4.	ДИССЕРТАЦИЯНЫ ЖАЗУ МЕРЗІМДЕРІ Осы бөлімде докторанттар диссертацияның әрбір бөлімін жазудың нақты мерзімдерін айқындайды.	5 балл
5.	БИБЛИОГРАФИЯ Пайдаланылған барлық дереккөздер тізбеленуі тиіс.	5 балл

DRAFT RESEARCH I ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

№	DRAFT RESEARCH I келесі құрамдас бөліктерден тұруы тиіс	Балл
1.	Докторлық диссертация мәтінінің кемінде 50 пайызы, осы Нұсқаулықтың III-бөліміне сәйкес рәсімделген болуы тиіс, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none">● титулдық бет;● мазмұны;● диссертация мәтіні (кіріспе, бөлімдер және бөлімшелер);● библиография.	80 Балл
2.	Кемінде бір ғылыми мақаланың жариялануы, Қазақстан Республикасында ғылыми дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сәйкес келетін журналда, не болмаса жариялауға дайын бір ғылыми мақаланың толық мәтіні.	20 балл

DRAFT RESEARCH II ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

№	DRAFT RESEARCH II келесі құрамдас бөліктерден тұруы тиіс:	Балл
1.	Докторлық диссертация мәтінінің кемінде 80 пайызы, осы Нұсқаулықтың III-бөліміне сәйкес рәсімделген болуы тиіс, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none">● титулдық бет;● мазмұны;● кіріспе;● толық аяқталған екі бөлімнің мәтіні;● библиография	80 Балл
2.	Кемінде екі ғылыми жарияланым, Қазақстан Республикасында ғылыми дәрежелер беру қағидаларының талаптарына сәйкес келетін журналдарда жарияланған болуы тиіс.	20 балл

4-қосымша.

MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY

ӘӘЖ Қолжазба құқығында

**ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ
ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ**

Білім беру бағдарламасының шифры мен атауы

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертация

Ғылыми консультант

ТАӘ, ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы

Қазақстан Республикасы
Астана, жыл

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
1 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТА ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ	12
1.1 Білім алу құқығын құқықтық бекіту: теориялық-тарихи аспект	12
1.1.1 Білім алу құқығының қалыптасу тарихы және құқықтық бекітілуі	12
1.1.2 Жоғары білім алу құқығының ұғымы	20
1.2 Жоғары білім алу құқығы әмбебап және өңірлік халықаралық шарттарда	26
1.2.1 Жоғары білім алу құқығының әмбебап шарттық-құқықтық негіздері	26
1.2.2 Жоғары білім алу құқығының өңірлік шарттық-құқықтық негіздері	34
1.2.3 Жоғары білім алу саласында халықаралық құқық пен Қазақстан Республикасының ұлттық құқығы нормаларының өзара іс-қимылы	40
1.3 I-бөлім бойынша қорытындылар	46
2 ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫН УНИВЕРСАЛЬДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ШЕҢБЕРІНДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ	49
2.1 ЮНЕСКО-ның жоғары білім саласындағы қызметінің құқықтық негіздері	49
2.2 Білім беру қызметтерін көрсету саласындағы ДСҰ ережелері	55
2.2.1 ГАТС және жоғары білім	55
2.2.2 ГАТС және шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары	60
2.3 II-бөлім бойынша қорытындылар	63
3 ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ӨҢІРЛІК ШАРТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ	65
3.1 Бірыңғай білім беру кеңістіктерінің жұмыс істеуінің құқықтық негіздері	65
3.1.1 Еуразиялық кеңістіктегі бірыңғай білім беру кеңістігі: қазіргі ахуал және құқықтық практика	66
3.1.2 ЕЖБК – Болон процесі негіздерінің құқықтық сипаты	70
3.2 Жоғары оқу орындарының және олардың филиалдарының қызметін өңірлік шарттық-құқықтық ретте	77
3.3 Жоғары білім біліктіліктерін өңірлік деңгейде тануды шарттық-	85

құқықтық реттеу	
3.3.1 ТМД, ЕурАзЭҚ шеңберінде біліктіліктерді тану	85
3.3.2 ЕЖБК шеңберінде жоғары білім біліктіліктерін тану	91
3.4 Еуропалық Одақ құқығы және жоғары білім	96
3.5 III-бөлім бойынша қорытындылар	102
4 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ЕКІЖАҚТЫ ШАРТТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ	104
4.1 Жоғары білім алу құқығы мен академиялық ұтқырлық екіжақты шарттық-құқықтық реттеудің объектісі ретінде	105
4.2 Жоғары оқу орындарының қызметін екіжақты шарттық-құқықтық реттеу	118
4.3 Жоғары білім біліктіліктерін танудың екіжақты шарттық-құқықтық негіздері	128
4.4 IV-бөлім бойынша қорытындылар	139
ҚОРЫТЫНДЫ	146
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	152